

«Қазақстан қор биржасы» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік

*Аудиторлардың есебімен бірге, 2015 жылдың 31 желтоқсанында
аяқталған жыл үшін*



EY

Building a better
working world



Building a better
working world

«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
Fax: +7 727 258 5961

Тәуелсіз аудиторлардың есебі

«Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның Директорлар кеңесі мен акционерлеріне

Біз «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі - «Топ») қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп және жиынтық кіріс туралы, капиталдағы өзгерістер және көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы тиісті шоғырландырылған есептер, сондай-ақ есеп саясатының негізгі қағидаттары мен басқа да ескертпелердің ашылып көрсетілуі жатады.

Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікке қатысты басшылықтың жауапкершілігі

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірлеуге және дұрыс беруге әрі басшылықтың пікірінше адал емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті дайындау үшін қажет деп айқындайтын ішкі бақылау процедуралары үшін жауап береді.

Аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің міндетіміз жүргізілген аудиттің негізінде осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік туралы өз ойымызды білдіру болып табылады. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар бізден этикалық нормаларды орындамауызды, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығына жеткілікті болатын сенімділікке ие болатындай етіп аудитті жоспарлауымызды және жүргізуімізді талап етеді.

Аудитке шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікте ұсынылған сомалар мен ақпаратқа қатысты аудиторлық дәлелдерді алуға бағытталған процедураларды орындау жатады. Процедуралардың таңдалуы алаяқтықтың немесе қателердің салдарынан шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктің едәуір бұрмалану тәуекелін бағалауды қоса алғанда, аудитордың пікіріне негізделеді. Аудитор осындай тәуекелді бағалаған кезде ұйымның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы өз ойын білдіру үшін емес, нақты жағдайларда қажет болатын аудит процедураларын айқындау үшін шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті әзірлеуге және оны шынайы түрде ұсынуға қатысты ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыруды қарастырады. Сондай-ақ аудитке таңдалған есеп саясатының дұрыстығын және басшылық жасаған бухгалтерлік бағалаудың негізділігін бағалау және жалпы шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктің ұсынылуын бағалау жатады.

Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп санаймыз.



Building a better
working world

Қорытынды

Біздің ойымызша шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік барлық маңызды аспектілерде «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның және оның еншілес ұйымдарының 2015 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін олардың қаржы нәтижелері мен ақшаның қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес лайықты түрде көрсетеді.

Ernst & Young LLP

Евгений Жемалетдинов
Аудитор / «Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасының аумағында
аудиторлық қызметпен айналысуға арналған
мемлекеттік лицензия: сериясы МФЮ – 2,
№ 0000003, Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген

2016 жылғы 25 наурыз



Аудитордың 2003 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 0000553 біліктілік куәлігі

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін***(теңгемен көрсетілген, бір акцияға пайдадан басқа, мың қазақстандық теңгемен)*

Ескер.	Аяқталған жыл		
	2015 жылғы 31 желтоқсан	2014 жылғы 31 желтоқсан	
Қызметтер бойынша кірістер және комиссиялар	4	1.651.641	1.466.850
Пайыздық кірістер	5	421.673	252.366
Солар бойынша пайыздар есептелетін активтердің құнсыздануына және басқа операциялар бойынша резервті қалыптастыру	6	(3.529)	(2.527)
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздармен операциялардан болған таза шығын		(77.219)	(14.822)
Шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайда	7	536.774	6.956
Қауымдасқан ұйымның пайдасындағы/(залалындағы) үлес	16	1.266	(138)
Басқа да кіріс		16.341	19.246
Операциялық кіріс		2.546.947	1.727.931
Операциялық шығыстар	8	(1.299.676)	(992.019)
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі кіріс		1.247.271	735.912
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	9	(268.111)	(152.418)
Таза пайда		979.160	583.494
Басқа да жиынтық (залал)/ кіріс			
<i>Ағымдағы немесе келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс</i>			
Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалаудан болған таза іске асырылған шығын		84.649	5.403
Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалаудан болған таза іске асырылмаған шығын		(45.253)	(39.219)
Басқа да жиынтық кіріс/(залал)		39.396	(33.816)
Жиынтық кіріс жиыны		1.018.556	549.678
Бір акцияға шаққандағы пайда			
Базалық және бөлінген (теңге)	10	1.039,43	619,41

Басшылық атынан


Н.Ю. Хорошевская
Басқарма Төрағасының м.а.

2016 жылғы 25 наурыз
Алматы, Қазақстан



И.Б. Қапанова
Бас бухгалтер

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**2015 жылдың 31 желтоқсанына***(мың теңгемен)*

	<i>Ескер.</i>	2015 жылғы 31 желтоқсан	2014 жылғы 31 желтоқсан
Активтер			
Ақша және оның баламалары	11	63.294	73.176
Пайдаланылуы шектелген ақша	12	1.889.081	223.013
Банктердегі қаражат	13	4.590.794	3.028.931
Сату үшін қолда бар инвестициялар	14	21.053	519.100
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар	15	22.054	48.248
Қауымдасқан компанияға инвестициялар	16	139.852	138.586
Берілген аванстар		6.097	3.593
Негізгі құралдар	17	1.262.635	1.311.396
Бейматериалдық активтер	18	185.861	162.351
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		67.902	17.249
Кейінге қалдырылған корпоративтік салық бойынша актив	9	615	421
Басқа да активтер	19	82.054	105.613
Активтердің жиыны		8.331.292	5.631.677
Міндеттемелер және капитал			
Міндеттемелер			
Биржа мүшелерінің алдындағы пайдалануы шектелген ақша бойынша міндеттемелер	12	1.889.101	223.013
Алынған аванстар		48.203	49.363
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер		3.214	3.124
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	9	24.773	24.501
Басқа да міндеттемелер	20	56.845	41.076
Міндеттемелердің жиыны		2.022.136	341.077
Капитал			
Жарғылық капитал	21	2.366.256	2.366.256
Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау бойынша резерв		190	(39.206)
Басқа да қорлар		225.000	170.000
Бөлінбеген пайда		3.717.710	2.793.550
Капитал жиыны		6.309.156	5.290.600
Міндеттемелер мен капитал жиыны		8.331.292	5.631.677

Басшылық атынан



Н.Ю. Хорошевская
Басқарма Төрағасының м.а.



И.Б. Қапанова
Бас бухгалтер

2016 жылғы 25 наурыз
Алматы, Қазақстан

6-41 бет аралығындағы ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін***(мың теңгемен)*

	<i>Жарғылық капитал</i>	<i>Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау бойынша резерв</i>	<i>Басқа да қорлар</i>	<i>Бөлінбеген пайда</i>	<i>Капитал жиыны</i>
2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	2.366.256	(5.390)	170.000	2.210.056	4.740.922
Бір жылғы таза пайда	–	–	–	583.494	583.494
Бір жылғы басқа да жиынтық залал	–	(33.816)	–	–	(33.816)
Жиынтық кіріс жиыны	–	(33.816)	–	583.494	549.678
2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	2.366.256	(39.206)	170.000	2.793.550	5.290.600
Бір жылғы таза пайда	–	–	–	979.160	979.160
Қор көлемінің өсуі	–	–	55.000	(55.000)	–
Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс	–	39.396	–	–	39.396
Жиынтық кіріс жиыны	–	39.396	55.000	924.160	1.018.556
2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	2.366.256	190	225.000	3.717.710	6.309.156



Басшылық атынан
Н.Ю. Хорошевская
 Басқарма Төрағасының м.а.

И.Б. Қапанова
 Бас бухгалтер

2016 жылғы 25 наурыз
 Алматы, Қазақстан

АҚШАНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін***(мың теңгемен)*

	<i>2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін</i>	<i>2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін</i>
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары		
Салық салынғанға дейінгі пайда	1.247.271	735.912
Ақшалай емес баптардың түзетулері		
Активтердің құнсыздану резерві	6 3.529	2.527
Қауымдасқан компанияның (пайдасындағы)/залалындағы үлес	16 (1.266)	138
Дилинг операцияларынан болған шығын	195	10.766
Негізгі құралдардың есептен шығарылуынан болған залал/(кіріс)	602	(1.003)
Есептелген пайыздық кіріс	5 (421.673)	(252.366)
Тозу және амортизация	8 66.156	65.366
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен болған ақша ағындары	894.814	561.340
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер		
<i>Операциялық активтердің (ұлғаюуы)/азаюуы</i>		
Пайдаланылуы шектелген ақша	(1.666.068)	130.969
Банктердегі қаражат	(1.699.345)	156.434
Берілген аванстар	(2.504)	(436)
Басқа да активтер	20.030	(14.060)
<i>Операциялық міндеттемелердің (ұлғаюуы)/азаюуы</i>		
Биржа мүшелерінің алдындағы пайдалануы шектелген ақша бойынша міндеттемелер	1.666.088	(130.969)
Алынған аванстар	(1.160)	(2.731)
Басқа да міндеттемелер	15.769	(4.733)
Салық салынғанға дейінгі операциялық қызметтен ақшаның (пайдаланылуы)/түсуі	(772.376)	695.814
Түскен пайыздар	563.773	93.645
Төленген корпоративтік табыс салығы	(318.596)	(173.773)
Операциялық қызметтен түскен ақшаның таза (пайдаланылуы)/түсімі	(527.199)	615.686

6-41 бет аралығындағы ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

АҚШАНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Ескер.	2015 жылғы	2014 жылғы
	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
Инвестициялық қызметтен түсетін ақша ағындары		
Негізгі құралдарды сатып алу	17 (7.855)	(26.039)
Бейматериалдық активтерді сатып алу	(3.477)	(19.042)
Жалақы және бейматериалдық активтерге капиталданатын басқа да шығындар	(30.252)	(38.989)
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсімдер	77	1.123
Сату үшін қолда бар инвестицияларды сатып алу	–	(538.984)
Сату үшін қолда бар инвестицияларды сатудан түскен түсімдер	533.247	151
Өтеуге дейін ұсталатын инвестицияларды өтеуден түскен түсімдер	25.577	23.457
Инвестициялық қызметте ақшаның таза пайдаланылуы	517.317	(598.323)
Ақшадағы және оның баламаларындағы таза (азаяу)/ұлғаю	(9.882)	17.363
Жыл басындағы ақша мен оның баламалары	11 73.176	55.813
Жыл соңындағы ақша мен оның баламалары	11 63.294	73.176

Басшылық атынан



Н. Ю. Хорошевская
Басқарма Төрағасының м.а.

2016 жылғы 25 наурыз
Алматы, Қазақстан

И.Б. Қапанова
Бас бухгалтер

(мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

1. ҰЙЫМ

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – «Компания» немесе «Биржа») 1993 жылғы 17 қарашада құрылды.

Қазіргі уақытта Компания Алматы қаласының Әділет басқармасы берген 2004 жылғы 7 қаңтардағы № 54214-1910-АҚ заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәліктің негізінде әрекет етеді.

Компанияның бағалы қағаздар нарығындағы қызметі келесі лицензияладың негізінде жүзеге асырылады:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті (бұдан әрі – «ҚҚК») берген 2012 жылғы 19 шілдедегі № 4.2.3/1 бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия. Лицензия бағалы қағаздар нарығында келесі қызмет түрлерін жүзеге асыру құқығын береді:
 - бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдастыру қызметі;
 - бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметі.
2. ҚҚК берген 2012 жылғы 29 маусымдағы № 5.3.3 ұлттық және шетел валютасында банк операцияларын жүргізуге арналған лицензия. Лицензия келесі банк операцияларын жасау құқығын береді:
 - банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
 - аударым операциялары: жеке және заңды тұлғалардың ақша төлемдері мен аударымдары бойынша тапсырмаларын орындау;
 - заңды тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу.

Компанияның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов көшесі, 280, «Almaty Towers» көпфункционалды кешеннің солтүстік мұнарасы, 8-ші қабат.

Компанияның және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі – «Топ») негізгі қызметі қаржылық және ақпараттық қызметтерді көрсету, оның ішінде Компанияның сауда жүйесін пайдалана отырып сауда-саттықты тікелей өткізу арқылы бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдық және техникалық қамтамасыз ету.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша солардың әрқайсысына орналастырылған акциялардың жалпы санының 5%-дан астамын құрайтын көлемде Компанияның жай акциялары тиесілі болатын акционерлер:

	31 желтоқсан 2015 жыл, %	31 желтоқсан 2014 жыл, %
Акционерлер		
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	50,10	50,10
«СЕНТРАС Венчурлық қоры» ЖШС	6,74	–
«Қазкоммерцбанк» АҚ	6,33	–
Басқалары (жеке-жеке 5% кеміне иелік ететін)	36,83	49,90
Жиыны	100,00	100,00

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – «Заң») сәйкес (84-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы) уәкілетті органның сауда-саттықты ұйымдастырушының капиталындағы үлесі сауда-саттықты ұйымдастырушының дауыс беруші акцияларының жалпы санының елу пайызынан астамын құрайды. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның түпкі бақылау жасайтын жағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылады.

(мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

1. ҰЙЫМ (жалғасы)

Компания Топтың бас компаниясы болып табылады, әрі оған 2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша осы қаржылық есеп берушіліктің мақсаттары үшін шоғырландырылған келесі ұйымдар кіреді:

<i>Атауы</i>	<i>Қызметті жүргізу елі</i>	<i>Дауыс беруші акциялардың пайызы (%)</i>	<i>Жарғылық капиталға салынған салым (мың теңге)</i>	<i>Қызмет түрі</i>
«ИРБИС» қаржы нарықтарының ақпараттық агенттігі» ЖШС	Қазақстан	100	8.930	Ақпараттық қызметтер
«eTrade.kz» ЖШС	Қазақстан	100	12.852	Ақпараттық технологиялар

Қауымдасқан ұйым

«РТРС» ЖШС қауымдасқан ұйым өз қызметін Қазақстан Республикасында жүргізеді және Топтың резервтік сауда және есеп айырысу орталықтарының функцияларын атқарады. Қауымдасқан ұйымға инвестициялар үлестік қатысу әдісімен ескеріледі.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарғылық капиталға қатысу пайызы тікелей қатысудың 50%-ын құрады және «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-да акциялардың 34,69%-на иелік ету арқылы «РТРС» ЖШС-тің жарғылық капиталына жанама қатысуы бар.

Топ «РТРС» ЖШС-тің қаржылық есептілігін шоғырландырмайды, өйткені Топтың бақылауы жоқ. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – «ҚРҰБ») «Бағалы қағаздар рыногы туралы» заңға сай «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-да акциялардың 54,98%-на иелік ету арқылы және Биржа акцияларының 50,1%-на иелік ету арқылы «РТРС» ЖШС-тің қызметіне нақты бақылау жасайды. ҚРҰБ-ның «РТРС» ЖШС-тің жарғылық капиталындағы жалпы жанама қатысу үлесін 52,54% құрайды.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ**Бухгалтерлік есеп негізі**

Осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік Халықаралық қаржылық есеп берушілік стандарттарына (бұдан әрі – «ҚЕХС») сәйкес әзірленді.

Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік «Есеп саясатының негізгі ережелері» бөлімінде аталып өткенді қоспағанда, нақты шығындар бойынша есепке алу қағидатына сәйкес әзірленді. Мысалы, сату үшін қолда бар инвестициялар әділ құны бойынша бағаланды.

Бұл шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік Топ жұмыс істеп тұрған ұйым болып табылады және өз қызметін алдағы болашақта жалғастырады деген жорамалға сүйене отырып дайындалған.

Осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік, акцияға пайдадан басқа және егер басқаша көрсетілмеген болса, мың қазақстандық теңгемен (теңге) берілген.

Функционалдық валюта

Топтың шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігінің функционалдық валютасы теңге болып табылады – бұл валюта Топқа қатысы бар оқиғалар мен жағдайлардың негізінде жатқан экономикалық мән-жайды барынша жақсы көрсетеді.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Жаңа және қайта қаралған ҚЕХС-ті қолдану

Есеп саясатындағы өзгерістер

Қабылданған есеп саясаты, жаңа және өзгертілген ҚЕХС-ті және 2015 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген ҚЕХС түсіндірулерін қоспағанда, алдыңғы есепті жылғы есеп саясатымен келісіледі.

Жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулер

Топ 2015 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енген келесі қайта қаралған ҚЕХС-ті қолданды:

19 ҚЕХС-ке (IAS) түзетулер «Белгіленген төлемдері бар бағдарламалар: жұмыскерлердің жарналары»

19 ҚЕХС (IAS) компаниядан белгіленген төлемдері бар бағдарламаларды есепке алуда көрсету кезінде жұмыскерлердің немесе үшінші тұлғалардың тарапынан жарналарды ескеруін талап етеді. Егер мұндай жарналар қызметтермен байланысты болған жағдайда, олар қызметтердің құнын азайту арқылы қызметтерді көрсету кезеңіне жатуы тиіс. Түзетулер, егер жарна көлемі жұмыс өтіліне байланысты болмаса, компания мұндай жарналарды қызметтерді көрсету кезеңдері бойынша бөлудің орнына, оларды тиісті қызметтер көрсетілген кезеңде қызмет құнының азаюы ретінде мойындауға құқылы екендігін нақтылайды. Бұл түзетулер Топқа әсерін тигізбейді, өйткені Топтың жұмыскерлердің немесе үшінші тұлғалардың тарапынан жарналарды көздейтін белгіленген төлемдері бар бағдарламалары жоқ.

ҚЕХС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2010-2012 жылдар

Бұл жетілдірулер 2014 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді және Топ оларды алғаш рет осы қаржылық есеп берушілікте қолданды. Оларға келесі өзгерістер кіреді:

2 ҚЕХС (IFRS) «Акцияларға негізделген төлем»

Түзету перспективті түрде қолданылады және құқықтардың берілу шарттары болып табылатын «нәтижелерге қол жеткізу шарты» мен «қызметтерді көрсету кезеңінің шарты» терминдерінің анықтамасына қатысты түрлі мәселелерді, оның ішінде келесі мәселелерді де түсіндіреді:

- нәтижелерге қол жеткізу шарты қызметтерді көрсету кезеңінің шартын қамтуы тиіс;
- қызмет нәтижелерінің нысаналы көрсеткіші қарсы агенттің қызметтерді көрсету кезеңінің ішінде қол жеткізілуі тиіс;
- қызмет нәтижелерінің нысаналы көрсеткіші компанияның өзінің операцияларына немесе қызметіне, сол сияқты дәл сол топқа кіретін басқа компанияның операцияларына немесе қызметіне де қатысты болуы мүмкін;
- қызмет нәтижелеріне қол жеткізу шарты нарықтық немесе нарықтық емес шарт болуы мүмкін;
- егер қарсы агент себептерге қарамастан құқықтарды беру кезеңінің ішінде қызмет көрсетуді тоқтатса, қызмет көрсету кезеңінің шарты орындалмайды.

Жоғарыда келтірілген анықтамалар Топ құқықтарды беру шарттары болып табылатын нәтижелерге қол жеткізу шарты мен қызметтерді көрсету кезеңінің шартын анықтау кезінде өткен кезеңдерде қолданғанға сәйкес келеді. Сондықтан бұл түзетулер Топтың есеп саясатына әсерін тигізбеді.

3 ҚЕХС (IFRS) «Бизнесті біріктіру»

Түзету перспективті түрде қолданылады және бизнесті біріктіру нәтижесінде туындаған міндеттемелер (немесе активтер) ретінде жіктелген шартты сыйақы туралы барлық келісімдер кейіннен олардың 9 ҚЕХС-тің (IFRS) (не болмаса 39 ҚЕХС (IAS), егер қолданылатын болса) қолданылу аясына жататындығына қарамастан пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша ескерілуі тиіс екендігін түсіндіреді. Мұндай тәсіл Топтың ағымдағы есеп саясатына сәйкес келеді және сондықтан бұл түзету оның есеп саясатына әсер етпейді.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Жаңа және қайта қаралған ҚЕХС-ті қолдану (жалғасы)

Жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулер (жалғасы)

ҚЕХС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2010-2012 жылдар (жалғасы)

8 ҚЕХС (IFRS) «Операциялық сегменттер»

Түзетулер ретроспективті түрде қолданылады және мыналарды түсіндіреді:

- компания 8 ҚЕХС-тің (IFRS) 12-тармағында көзделген агрегациялау критерийлерін қолдану кезінде басшылық пайдаланған пайымдауларды ашып көрсетуі тиіс; бұған агрегацияланған операциялық сегменттердің жалпы сипаты және сегменттердің ұқсас болып табылуын бағалау үшін пайдаланылған экономикалық сипаттамалар (мысалы, сатулар немесе жалпы пайда) жатады;
- сегмент активтерін жалпы активтермен салыстырып тексеру туралы ақпаратты ашып көрсету, тек егер мұндай салыстыру операциялық шешімдерді қабылдайтын басшыға ұсынылса, сол сияқты бұл сегменттік міндеттемелерге қатысты ақпаратты ашып көрсету үшін талап етілгенде ғана талап етіледі.

Топ 8 ҚЕХС-тің (IFRS) 12-тармағында көзделген агрегациялау критерийлерін қолданбады.

13 ҚЕХС (IFRS) «Әділ құнды бағалау»

13 ҚЕХС-ке (IFRS) бұл түзету «Тұжырым жасауға арналған негіздерде» қысқа мерзімді дебиторлық әрі кредиторлық берешек белгіленген пайыздық мөлшерлемесіз, егер дисконттау әсері елеусіз болса, шоттар сомасында ескерілуі мүмкін екендігін түсіндіреді. Мұндай тәсіл Топтың ағымдағы есеп саясатына сәйкес келеді және сондықтан бұл түзету оның есеп саясатына әсер етпейді.

16 ҚЕХС (IAS) «Негізгі құралдар» және 38 ҚЕХС (IAS) «Бейматериалдық активтер»

Түзетулер ретроспективті түрде қолданылады және 16 ҚЕХС (IAS) пен 38 ҚЕХС (IAS) ережелері шеңберінде актив оның жалпы не болмаса таза баланстық құнына қатысты қадағаланатын деректердің негізінде қайта бағалануы мүмкін екендігін түсіндіреді. Сонымен бірге, жинақталған амортизация активтің жалпы баланстық құны мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде айқындалған. Ағымдағы кезеңнің ішінде Топ қайта бағалау нәтижелері бойынша түзетулерді көрсетпеді.

24 ҚЕХС (IAS) «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету»

Түзету ретроспективті қолданылады және басқарушы компания (негізгі басқарушы персонал ретінде қызмет көрсететін компания) байланысты тарап болып табылатындығын және байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсетуге қосылатындығын түсіндіреді. Сонымен бірге, басқарушы компанияны тартатын ұйым басқарушы компанияның қызметтеріне жұмсалатын шығыстар туралы ақпаратты ашып көрсетуі тиіс. Бұл түзету Топқа әсерін тигізбейді, өйткені ол негізгі басқарушы персоналдың қызметтерін көрсету үшін басқа компанияларды тартпайды.

ҚЕХС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2011-2013 жылдар

Бұл жетілдірулер 2014 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді және Топ оларды алғаш рет осы қаржылық есеп берушілікте қолданды. Оларға келесі өзгерістер кіреді:

3 ҚЕХС (IFRS) «Бизнесті біріктіру»

Түзету перспективті түрде қолданылады және 3 ҚЕХС-ті (IFRS) қолданылу аясынан болған ерекшеліктерді пайдалану тәртібін түсіндіреді:

- 3 ҚЕХС-ті (IFRS) қолданылу аясынан тек бірлескен кәсіпорындар ғана емес, бірлескен қызметтің барлық объектілері алынып тасталады;
- мұндай алып тастау тек бірлескен қызметтің объектісіне ғана қаржылық есеп берушілікте есепке алу үшін ғана қолданылады.

Топ бірлескен қызметтің объектісі болып табылмайды және тиісінше, бұл түзету Топқа жатпайды.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Жаңа және қайта қаралған ҚЕХС-ті қолдану (жалғасы)

Жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулер (жалғасы)

ҚЕХС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2011-2013 жылдар (жалғасы)

13 ҚЕХС (IFRS) «Әділ құнды бағалау»

Түзету перспективті түрде қолданылады және әділ құнды портфель деңгейінде бағалау мүмкіндігін көздейтін 13 ҚЕХС-тен (IFRS) босату тек қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерге ғана емес, сол сияқты 9 ҚЕХС-тің (IFRS) (немесе 39 ҚЕХС-тің (IAS), қолданылуына қарай) қолданылу аясындағы басқа да шарттарға қолданыла алатындығын түсіндіреді. Топ әділ құнды портфель деңгейінде бағалау мүмкіндігін көздейтін 13 ҚЕХС-тен (IFRS) босатуды қолданбайды.

40 ҚЕХС (IAS) «Инвестициялық мүлік»

40 ҚЕХС-те (IAS) қосымша қызметтердің сипаттамасы инвестициялық мүліктің және меншік иесі алып отырған жылжымайтын мүліктің (яғни негізгі құралдар) ара жігін ажыратады. Түзету перспективті түрде қолданылады және мәміленің активті сатып алуы немесе бизнесті біріктіруі болып табылатындығын анықтау үшін 40 ҚЕХС-тегі (IAS) қосымша қызметтердің сипаттамасы емес, 3 ҚЕХС-тің (IFRS) ережелері қолданылатындығын түсіндіреді. Алдыңғы кезеңдерде Топ мәміленің активті сатып алуы немесе бизнесті біріктіруі болып табылатындығын анықтау үшін 40 ҚЕХС (IAS) емес, 3 ҚЕХС (IFRS) пайдаланды. Осылайша, бұл түзету Топтың есеп саясатына әсерін тигізбейді.

1 ҚЕХС (IFRS) «Халықаралық қаржылық есеп берушілік стандарттарын алғаш рет қолдану» – «Күшіне енген ҚЕХС»

Бұл түзету «Қорытындыға арналған негіздерде» компания қолдану үшін қолданыстағы стандартты не болмаса жаңасын, бірақ мерзімінен бұрын қолдануға жол беретін, қолдануға міндетті емес стандартты таңдай алатындығын түсіндіреді. Бұл ретте міндетті шарты ретінде таңдалған стандартты компанияның ҚЕХС бойынша алғашқы қаржылық есеп берушілігінде көрсетілген барлық кезеңдерде бірізді етіп қолдану болып табылады. 1 ҚЕХС-ке (IFRS) бұл түзету Топқа әсерін тигізбеді, өйткені Топ өзінің қаржылық есеп берушілігін ҚЕХС-ке сәйкес дайындауда.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа және қайта қаралған ҚЕХС

Төменде Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттары мен түсіндірмелері келтіріледі. Топ осы стандарттарды олар күшіне енгеннен кейін қолдануды жоспарлап отыр.

9 ҚЕХС (IFRS) «Қаржы құралдары»

2014 жылғы шілдеде ҚЕХС жөніндегі кеңес 9 ҚЕХС-тің (IFRS) «Қаржы құралдары» түпкі нұсқасын жария етті, ол қаржы құралдары бойынша жобаның барлық сатыларын қамтып, 39 ҚЕХС-ті (IAS) «Қаржы құралдары: тану және бағалау», сондай-ақ 9 ҚЕХС-тің (IFRS) барлық алдыңғы нұсқаларын ауыстырады. Стандарт жіктеу мен бағалауға, сондай-ақ құнсыздануды мен хеджирлеуді есепке алуға қатысты жаңа талаптарды енгізеді.

9 ҚЕХС (IFRS) 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Стандарт ретроспективті түрде қолданылады, дегенмен салыстырмалы ақпараттың ұсынылуы міндетті болып табылмайды. 9 ҚЕХС-тің (IFRS) алдыңғы нұсқаларының (2009, 2010 және 2013 жылдардағы) мерзімінен бұрын қолданылуына, егер олардың алғашқы қолданылу күні 2015 жылдың 1 ақпанына дейінгі кезеңге келсе, жол беріледі. 9 ҚЕХС-тің (IFRS) қолданылуы Топтың қаржы активтерінің жіктелуіне және бағалануына әсерін тигізбейді.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Жаңа және қайта қаралған ҚЕХС-ті қолдану (жалғасы)

Шығарылған, бірақығарылған, бірағасы)ған ҚЕХС-ті қолдану (жалғасы)шқы қолдан

15 ҚЕХС (IFRS) «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім»

2014 жылғы мамырда жарияланған 15 ҚЕХС (IFRS) сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімді есепке алудың жаңа бес деңгейлі моделін белгілейді. 17 ҚЕХС-тің (IAS) «Жалдау» қолданылу аясына келетін жалдау шарттары мен 4 ҚЕХС-тің (IFRS) «Сақтандыру шарттары» қолданылу аясына келетін сақтандыру шарттары бойынша түсімді, сондай-ақ қаржы құралдарының және 39 ҚЕХС-тің (IAS) «Қаржы құралдары: тану және бағалау» (немесе мерзімінен бұрын қолданған жағдайда 9 ҚЕХС (IFRS) «Қаржы құралдары») қолданылу аясына келетін басқа да шарттық құқықтар мен міндеттемелердің болуына орай туындайтын түсімді мойындау, ол 15 ҚЕХС-тің (IFRS) қолданылу аясына кірмейді және тиісті стандарттармен реттеледі.

15 ҚЕХС-ке (IFRS) сай түсім соған арналған құқықты компания сатып алушыға тауарлардың берілуіне немесе қызметтердің көрсетілуіне айырбас ретінде аламын деп отырған өтемақы сомасы бойынша танылады. 15 ҚЕХС (IFRS) қағидаттары түсімді бағалауға және тануға қатысты барынша құрылымдалған тәсілді көздейді.

Жаңа стандарт барлық компаниялар үшін қолдануға міндетті және түсімді мойындау бойынша ҚЕХС-тің барлық ағымдағы талаптарын ауыстырады. Бұл стандарт ретроспективті түрде қолданылады не болмаса толық көлемде не 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты іс жүзіндегі сипаттағы жеңілдетіктерді пайдалана отырып қолданылады. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Қазіргі сәтте Топ 15 ҚЕХС-тің (IFRS) әсерін бағалап, оны күшіне ену күніне қолдануды жоспарлап отыр.

14 ҚЕХС (IFRS) «Кейінге қалдырылған тарифтік айырмалар шоттары»

14 ҚЕХС (IFRS) қызметі тарифтік реттеуге жататын компанияға ҚЕХС-ті алғаш рет қолданғанда өзінің қолданыстағы есеп саясатына шектелген өзгертулерді енгізу талабымен соған сәйкес кейінге қалдырылған тарифтік айырмалардың шоттары бойынша қалдықтарды есепке алуды жалғастыруға мүмкіндік беретін қолдануға міндетті емес стандарт болып табылады. 14 ҚЕХС-ті (IFRS) қолданатын компаниялар қаржылық жағдай туралы есепте бөлек баптар күйінде кейінге қалдырылған тарифтік айырмалар шоты бойынша қалдықтарды көрсетулері тиіс, ал мұндай қалдықтар бойынша қозғалыстарды – пайда мен зияндар және басқа да жиынтық кіріс туралы есепте бөлек баптар күйінде. Стандарт тарифтік реттеуге жататын компания қызметінің сипаты, тиісті тәуекелдер және тарифтік реттеудің оның қаржылық есептілігіне ықпалы туралы ақпаратты ашып көрсетуді талап етеді. 14 ҚЕХС (IFRS) 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Топ есеп берушілікті ҚЕХС-ке сәйкес жасайтындықтан, бұл стандарт оған қолданылмайды.

11 ҚЕХС-ке (IFRS) түзетулер «Бірлескен қызмет: қатысу үлестерінің сатып алынуын есепке алу»

11 ҚЕХС-ке (IFRS) түзетулер бизнесті білдіретін бірлескен операциядағы қатысу үлесін сатып алу кезінде компания бизнестің бірігуін есепке алу үшін көзделген 3 ҚЕХС (IFRS) тиісті талаптарын қолдануды талап етеді. Сондай-ақ түзетулер бірлескен операцияда бұрын болған қатысу үлесі, бірлескен бақылауды сақтау кезінде дәл сол бірлескен операцияда қосымша қатысу үлесін сатып алу кезінде қайта бағаланбайтындығын нақтылайды. Сонымен қатар, 11 ҚЕХС-ке (IFRS) қолданылу аясынан алынған ерекшелілік туралы ереже қосылды, әрі ол түзетулер, бірлескен бақылауды жүзеге асыратын тараптар, есеп беретін кәсіпорынды қоса алғанда, түпкі бақылауға ие болатын бір тараптың жалпы бақылауында болған жағдайларда қолданылмайды.

Түзетулер бірлескен операциядағы бастапқы қатысу үлесін сатып алу үшін, сол сияқты дәл сол бірлескен операциядағы кез келген қосымша үлестерді сатып алуға қатысты да қолданылады және 2016 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты перспективті негізде күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Топқа қандай да бір әсерін тигізбейді деп күтілуде.

(мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Жаңа және қайта қаралған ҚЕХС-ті қолдану (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа және қайта қаралған ҚЕХС (жалғасы)

16 ҚЕХС-ке (IAS) және 38 ҚЕХС-ке (IAS) «Рұқсат етілген амортизациялау әдістерін түсіндіру» түзетулер

Түзетулер 16 ҚЕХС (IAS) және 38 ҚЕХС (IAS) қағидаттарының бірін түсіндіреді, ол түсім активті пайдалану процесінде тұтынатын экономикалық пайданы емес, актив пайдаланылатын қызметтің нәтижесінде жасалатын экономикалық пайданы көрсетеді. Салдарынан, түсімге негізделген амортизация әдісі негізгі құралдарды амортизациялау үшін пайдалана алмайды және тек өте сирек жағдайларда ғана бейматериалдық активтерді амортизациялау үшін пайдаланылуы мүмкін. Түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін перспективті түрде күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Топқа қандай да бір әсерін тигізбейді деп күтілуде, өйткені Топ айналымнан тыс активтерді амортизациялау үшін түсімге негізделген әдістерді пайдаланбайды.

16 ҚЕХС-ке (IAS) және 41 ҚЕХС-ке (IAS) «Ауыл шаруашылығы: жеміс беретін өсімдіктер» түзетулер

Түзетулер жеміс беретін өсімдіктердің анықтамасына жауап беретін биологиялық активтерді есепке алуға қойылатын талаптарды өзгертеді. Түзетулерге сәйкес жеміс беретін өсімдіктердің анықтамасына жауап беретін биологиялық активтер 41 ҚЕХС (IAS) қолданылу аясынан алынып тасталады. Оның орнына соларға қатысты 16 ҚЕХС (IAS) қолданылады. Бастапқыда танылғаннан кейін жеміс беретін өсімдіктер 16 ҚЕХС-ке (IAS) сәйкес жинақталған нақты шығындар бойынша (піскенге дейін) және нақты шығындар бойынша есепке алу моделін не болмаса қайта бағаланған құны бойынша есепке алу моделін (піскеннен кейін) пайдалана отырып ескерілуі тиіс. Түзетулер жеміс беретін өсімдіктерден өсетін өнім 41 ҚЕХС-тің (IAS) қолданылу аясында қалатындығын көрсетеді және сату шығындарын шегере отырып әділ құны бойынша ескеріледі. 20 ҚЕХС (IAS) «Мемлекеттік субсидияларды есепке алу және мемлекеттік жәрдем туралы ақпаратты ашып көрсету» жеміс беретін өсімдіктерге қатысты мемлекеттік субсидиялар үшін қолданылады. Түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін перспективті түрде күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Топқа қандай да бір әсерін тигізбейді деп күтіледі, өйткені Топтың жеміс беретін өсімдіктері жоқ.

27 ҚЕХС-ке (IAS) түзету «Жекелеген қаржылық есеп берушіліктегі үлестік қатысу әдісі»

Түзетулер компанияларға жекелеген қаржылық есеп берушілікте еншілес компанияларға, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестицияларды көрсету үшін үлестік қатысу әдісін пайдалануға мүмкіндік береді. ҚЕХС-ті қолданып жүрген және жекелеген қаржылық есеп берушілікте қатысу үлесі әдісін пайдалануға көшуге бел буған компаниялар бұны ретроспективті түрде жасауы тиіс. ҚЕХС-ті алғаш рет қолданатын және жекелеген қаржылық есеп берушілік үшін қатысу үлесі әдісін таңдайтын компаниялар бұл әдісті ҚЕХС-ке өту күніне қолдануы тиіс. Түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Қазіргі сәтте Топ жекелеген қаржылық есеп берушілікті жасау кезінде бұл түзетулерді қолдану мүмкіндігін қарастырады.

10 ҚЕХС-ке (IFRS) және 28 ҚЕХС-ке (IAS) түзетулер: «Инвестор мен оның қауымдасқан компаниясы немесе бірлескен кәсіпорны арасында активтерді сату немесе беру»

Түзетулер қауымдасқан компанияға немесе бірлескен кәсіпорынға капиталға жарна ретінде берілетін еншілес компанияға бақылаудан айырылуға қатысты 10 ҚЕХС-ке (IFRS) және 28 ҚЕХС-ке (IAS) талаптары арасындағы мәлім сәйкессіздікті түзетеді. Түзетулер 3 ҚЕХС-тегі (IFRS) анықтамаға сәйкес бизнесті білдіретін активті оның қауымдасқан компаниясының немесе бірлескен кәсіпорнының пайдасына сату немесе инвестордың беруі нәтижесінде туындайтын кіріс немесе залал толық көлемде көрсетілуі тиіс екендігін түсіндіреді. Түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерде болатын операцияларға перспективтік негізде қолданылуы тиіс. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)**Жаңа және қайта қаралған ҚЕХС-ті қолдану (жалғасы)*****Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа және қайта қаралған ҚЕХС (жалғасы)******1 ҚЕХС-ке (IAS) түзетулер «Ақпаратты ашып көрсету аясындағы бастама»***

1 ҚЕХС-ке (IAS) түзетулер «Қаржылық есеп берушілікті ұсыну» 1 ҚЕХС-тің (IAS) қолданыстағы талаптарын айтарлықтай өзгертпей, оларды түсіндіреді. Түзетулер мыналарды түсіндіреді:

- 1 ҚЕХС-тің (IAS) маңыздылығына қойылатын талаптар;
- Пайда мен зиян туралы және БЖК туралы есептегі(дегі) және қаржылық жағдай туралы есептегі жеке баптар бөлінуі мүмкін;
- Ұйымныңенай туралы есептегі жеке баптар бөлінуі мүмкін;не қаржы түсіндіреді. Түзетулер;
- Үлестікенай туралы есептегі жеке баптар бөлінуі мүмкін;не қаржы түсіндіреді. Түзетулер мыналарды түсіндіреді:сіпорнн;қылаудан айырылуға қатысты 10 ҚЕХС-ке (IFRS) және 28 ҚЕХС-ке (IAS) талаптары арасындағы мөлiм сәйкессiздiктi түзетедi. Түзету

Сонымен бірге, түзетулер қаржылық жағдай туралы есепте және пайда немесе зиян және БЖК туралы есепте(де) қосымша аралық қорытынды сомаларды ұсыну кезінде қолданылатын талаптарды да түсіндіреді. Бұл түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Топқа қандай да бір әсерін тигізбейді деп күтілуде.

10 ҚЕХС-ке (IFRS), 12 ҚЕХС-ке (IFRS) және 28 ҚЕХС-ке (IAS) «Инвестициялық ұйымдар: шоғырландыру туралы талаптан ерекшелікті қолдану» түзетулер

Түзетулер инвестициялық ұйымдардың 10 ҚЕХС-те (IFRS) көзделген ерекшелікті қолдануы кезінде туындаған мәселелерді реттейді. 10 ҚЕХС-ке (IFRS) түзетулер шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті ұсыну туралы талаптан алынып тастау, егер инвестициялық ұйым өзінің барлық еншілес компанияларын әділ құны бойынша бағаласа, инвестициялық ұйымның еншілес ұйымы болып табылатын бас ұйымға қатысты қолданылатындығын түсіндіреді.

Сонымен бірге, 10 ҚЕХС-ке (IFRS) түзетулер шоғырландыруы өзі инвестициялық ұйым болып табылмайтын және инвестициялық ұйымға қосалқы сипаттағы қызметтерді көрсететін инвестициялық ұйымның еншілес ұйымы ғана шоғырландыруға жататындығын түсіндіреді. Инвестициялық ұйымның барлық басқа еншілес компаниялары әділ құны бойынша бағаланады. 28 ҚЕХС-ке (IAS) түзетулер үлестік қатысу әдісін қолданатын инвесторға оның қауымдасқан немесе инвестициялық ұйым болып табылатын бірлескен кәсіпорны өзінің еншілес компанияларына қатысты қолданған әділ құны бойынша бағалауды сақтап қалуға мүмкіндік береді. Түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді және ретроспективті негізде қолданылуы тиіс. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Топқа қандай да бір әсерін тигізбейді деп күтілуде.

ҚЕХС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2012-2014 жылдар

Мұндай жақсартулар 2016 жылдың 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін күшіне енеді және күтілгендей Топқа айтарлықтай әсерін тигізбейді. Оларға келесі өзгерістер кіреді:

5 ҚЕХС (IFRS) «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет» – есептен шығару әдісін өзгерту

Активтердің (немесе активтер тобының) есептен шығарылуы әдетте меншік иелерінің пайдасына сату не болмаса бөлу арқылы жасалады. 5 ҚЕХС-ке (IFRS) түзету осы әдістердің біреуін басқа әдіске ауыстыру есептен шығарудың жаңа жоспары ретінде емес, бастапқы жоспардың жалғасы ретінде есептелуі тиіс екендігін түсіндіреді. Осылайша, 5 ҚЕХС (IFRS) талаптары үздіксіз қолданылады. Сондай-ақ түзету есептен шығару әдісінің өзгеруі жіктеу күнін өзгертуге әкеп соқтырмайтындығын түсіндіреді. Бұл түзету есептен шығару әдісін өзгертуге қатысты перспективті түрде қолданылуы тиіс, өрі олар 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерде жасалады. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Жаңа және қайта қаралған ҚЕХС-ті қолдану (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа және қайта қаралған ҚЕХС (жалғасы)

ҚЕХС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2012-2014 жылдар (жалғасы)

7 ҚЕХС (IFRS) «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» – қызмет көрсету шарттары

7 ҚЕХС (IFRS) компаниядан мойындалуы жалпы тоқтаған, берілген активке кез келген жалғасып отырған қатысу туралы ақпаратты ашып көрсетуін талап етеді. ҚЕХС жөніндегі кеңеске қызмет көрсету шарттары мұндай ақпаратты ашып көрсетуді талап етуді қолдану мақсаттары үшін жалғасып отырған қатысу болып табыла ма, деген сауал қойылды. Түзету комиссиялық сыйақыны көздейтін қызмет көрсету шарты қаржы активіне жалғасып отырған қатысуды білдіре алатындығын түсіндіреді. Компания ақпараттың ашылып көрсетілуі қажет болып табылатындығын анықтау үшін мұндай келісімнің және комиссиялық сыйақының сипатын 7 ҚЕХС-тің (IFRS) В30 және 42С тармақтарында ұсынылатын жалғасып отырған қатысуды бағалау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес бағалауы тиіс. Түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Түзету қызмет көрсету шарттарының қайсысы жалғасып отырған қатысуды білдіретіндігін бағалау үшін қолданылуы тиіс, ол ретроспективті негізде жасалды. Бұл ретте компания мұндай түзетуді алғаш рет қолданған кезеңнің алдындағы қандай да бір кезеңге қатысты компания талап етілетін ақпаратты ашып көрсетуге міндетті емес.

7 ҚЕХС (IFRS) «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» – аралық қысқартылған аралық қаржылық есеп берушілікте өзара есепке алу туралы ақпараттың ашылып көрсетілуі туралы талаптың қолданылуы

2011 жылғы желтоқсанда 7 ҚЕХС-ке (IFRS) қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу жөніндегі нұсқаулықты білдіретін түзету енгізілді. 7 ҚЕХС-тің (IFRS) «Күшіне ену күні және есепке алудың жаңа тәртібіне өту» бөлімінде «Компания бұл түзетулерді 2013 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін және мұндай жылдық кезеңдер шеңберінде аралық кезеңдер үшін қолдануы тиіс». Дегенмен, аралық кезеңдер үшін ақпараттың ашылып көрсетілуіне қойылатын талаптарды қамтитын стандартта (34 ҚЕХС (IAS)), мұндай талап жоқ. Салдарынан, тиісті ақпарат қысқартылған аралық қаржылық есеп берушілікте ашылып көрсетілуі тиіс пе екендігі түсініксіз.

Түзету қысқартылған аралық қаржылық есеп берушілікте мұндай ақпараттың ашылып көрсетілуі қажет еместігін түсіндіре отырып «және мұндай жылдық кезеңдердің шеңберінде аралық кезеңдер үшін» деген сөйлемді алып тастайды. Түзету 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді және ретроспективті негізде қолданылуы тиіс. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

19 ҚЕХС (IAS) «Қызметкерлерге йынғы жлар» – өңірлік нарық үшін дисконттау мөлшерлемесі

19 ҚЕХС-ке (IAS) түзету жоғары сапалы корпоративтік облигациялар нарығының даму дәрежесін бағалау мұндай міндеттеме жататын елге емес, міндеттеме білдірілген валютаға сүйене отырып жасалатындығын түсіндіреді. Егер тиісті валютада білдірілген жоғары сапалы корпоративтік облигациялардың дамыған нарығы болмаған жағдайда, мемлекеттік облигациялардың кірістілік мөлшерлемесі пайдаланылуы тиіс. Түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

34 ҚЕХС (IAS) «Аралық қаржылық есеп берушілік» – ақпаратты «аралық қаржылық есептің қандай да бір басқа бөліміне» қосу

Түзету аралық кезең үшін талап етілетін ақпарат аралық қаржылық есеп берушілікте ашылып көрсетілуі не болмаса ол іс жүзінде көрсетілген аралық қаржы есебінің қандай да бір басқа бөліміне (мысалы, басшылықтың түсініктемелері немесе тәуекелдер туралы есеп) айқын сілтеме арқылы оған қосылуы тиіс екендігін белгілейді. ҚЕХС жөніндегі кеңес аралық қаржы есебінің құрамындағы басқа ақпарат пайдаланушыларға аралық қаржылық есеп берушіліктегідей дәл сондай талаптарда және мерзімде қолжетімді болуы тиіс екендігін көрсетті. Егер пайдаланушылар басқа ақпаратқа қол жеткізе алмаса, аралық қаржы есебі толық емес болып есептеледі. Түзету 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді және ретроспективті негізде қолданылуы тиіс. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

Шоғырландыру негізі

Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікке Компанияның және Компания бақылау жасайтын ұйымдардың (және оның еншілес ұйымдарының) есеп берушілігі жатады. Егер Топтың кәсіпорын қызметінен пайда алу мақсатында оның қаржылық және операциялық саясатын айқындауға құқығы болса, бақылау жасалады.

Еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі бұл ұйымды сатып алу сәтінен бастап (Топтың мұндай ұйымдарға тиімді бақылау жасауы басталатын күн) сату сәтіне дейін (Топтың мұндай ұйымдарға тиімді бақылау жасауы тоқтайтын күн) Топтың қаржылық есептілігімен шоғырландырылады. Еншілес ұйымдардың жалпы жиынтық кіріс Топ иелеріне жатады.

Топтың еншілес ұйымдарының қаржылық есептілігі Компанияның есептілігі сияқты дәл сондай есепті кезең үшін және дәл сондай есеп саясатын пайдалана отырып жасалады.

Топ ішіндегі операциялардың нәтижесі ретінде туындаған барлық қалдықтар, кірістер мен шығыстар шоғырлану кезінде алынып тасталады.

Қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістерді тану

Қызметтер бойынша кірістер мен комиссиялар тиісті қызметтердің көрсетілуіне қарай танылады. Кіріс мүшелік жарналар мен листингілік алымдар бойынша кірістер ұйымды Биржаның мүшелеріне қабылдау және бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне қосу туралы шешімнің негізінде танылады. Компания қандай да бір ұйымнан ай сайынғы мүшелік жарналар ретінде алатын кіріс бұл ұйым Биржаның мүшесі болып табылғанға дейін тұрақты негізде ай сайын танылады. Жыл сайынғы листинг алымдары бойынша кірістер олар жататын он екі айлық кезең ішінде танылады.

Пайыздық кірістерді мойындау

Пайыздық кірістер есептеу қағидаты бойынша көрсетіледі және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің (не болмаса қаржы активтерінің немесе қаржылық міндеттемелердің тобы) амортизацияланған құнын есептеуді, сондай-ақ пайыздық кірісті немесе пайыздық шығысты тиісті кезеңге жатқызуды білдіреді.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме – соның көмегімен күтілетін келешек төлемдер немесе ақша түсімдері қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің қаржы активінің таза ағымдағы құнына келтірілетін пайыздық мөлшерлеме. Бұл ретте қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің болжамды қолданылу мерзімі кезеңіне немесе егер бұл қолданылса, бұдан да қысқа кезеңге ақша ағындарының дисконтталуы жасалады.

Пайыздық кірістерге бағалы қағаздарға салынған инвестициялардан болатын пайыздық кірістер, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша депозиттерге және ақша қалдықтарына есептелген сыйақы кіреді.

Егер қаржы активі немесе біртекті қаржы активтерінің тобы құнсыздану нәтижесінде есептен шығарылса (ішінара есептен шығарылса), пайыздық кіріс құнсызданудан болған шығындарды есептеу мақсатында келешек ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылған бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені ескере отырып айқындалады.

Әділ құнды бағалау

Топ қаржы құралдарын, мысалға, сату үшін қолда бар бағалы қағаздарды, олардың балансты жасаудың әрбір күніне әділ құнына тең құн бойынша бағалайды. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарының әділ құны туралы ақпарат *24-ескертпеде* ашылып көрсетіледі.

Активтің сатылғаны үшін түскен немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміленің шеңберінде міндеттемелердің берілгені үшін төленген баға әділ құн болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле:

- не бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не бұл актив немесе міндеттеме үшін барынша қолайлы нарықта негізгі нарықтың жоқтығы шартында болатындығын болжайды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

Әділ құнды бағалау (жалғасы)

Топ негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізе алуы тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын анықтау кезінде пайдаланатын жорамалдарды қолдана отырып бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің ең үздік мүдделерінде әрекет етеді деп болжануда.

Топ мұндай бағалау әдістерін пайдаланады, әрі олар қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылады және солар үшін әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болып табылады, бұл ретте орынды қадағаланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып, қадағаланбайтын бастапқы деректерді мейлінше аз пайдаланады.

Әділ құны бағаланатын немесе қаржылық есеп берушілікте ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер төменде сипатталған әділ құн көздерінің иерархиясы шеңберінде жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша (қандай да бір түзетулерсіз) белсенді нарықта нарықтық баға белгілеулері;
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері;
- 3-ші деңгей – иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құны бойынша бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланбайтын болып табылады.

Қаржы құралдары

Топ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте қаржы активтері мен міндеттемелерін ол тиісті қаржы құралына қатысты келісімнің бір жағы болғанда ғана мойындайды.

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады. Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерді сатып алумен немесе шығарумен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындар тиісінше бастапқы мойындау кезінде қаржы активтерінің немесе қаржылық міндеттемелердің әділ құнын ұлғайтады немесе азайтады.

Қаржы активтері

Бастапқы мойындау кезінде қаржы активтерінің жіктелуі қаржы активтерін сатып алу мақсатына және оның сипаттамаларына байланысты болады.

Қаржы активтері келесі санаттар бойынша жіктеледі: өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар; сату үшін қолда бар инвестициялар; сондай-ақ дебиторлық берешек.

Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар

Өтеуге дейін ұсталатын инвестицияларға туынды құралдар болып табылмайтын, тіркелген немесе айқындалатын төлемдері және тіркелген өтеу мерзімдері бар, оларды Топ өтеуге дейін ұстауға ниет білдіріп отырған және мүмкіндігі бар листингтік борыштық бағалы қағаздар жатады.

Әділ құны бойынша бастапқы мойындалғаннан кейін өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар құнсыздану резервтерін шегере отырып тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құны бойынша ескеріледі.

Топ өтеуге дейін ұсталатын инвестицияларды оларды өтеу мерзіміне дейін елеусіз сомаға сатқан немесе қайта жіктеген жағдайда (жеке жағдайлардан басқа) барлық санат сату үшін қолда бар инвестициялардың құрамына ауыстырылуы тиіс. Сонымен бірге, Топқа келесі екі жылдың ішінде өтеуге дейін ұсталатын кез келген қаржы активін жіктеуге тыйым салынатын болады. Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялардың амортизациясы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

(мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

Қаржы активтері (жалғасы)

Сату үшін қолда бар инвестициялар

Сату үшін қолда бар деп жіктелетін инвестициялар, егер олар белгіленбеген уақыт кезеңіне ұсталатын болса және нарықтық жағдайлардың өзгеруіне орай немесе мұндай инвестицияларды жою жөніндегі талаптарды орындау мақсатында сатылатын болса.

Белсенді нарықта солар бойынша баға белгілеулер жоқ және әділ құны сенімді түрде бағалана алмайтын сату үшін қолда бар санатындағы үлесті бағалы қағаздарға инвестициялар әрбір есепті кезеңнің соңына айқындалған құнсыздану шығындарын шегере отырып өзіндік құны бойынша көрсетіледі.

Сату үшін қолда бар инвестициялар шамамен әділ құнына тең құны бойынша ескеріледі, ал олардың әділ құнының өзгеруі Топтың басқа да жиынтық кірісінің құрамында сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау резерві ретінде тікелей танылады. Мұндай инвестициялар іске асырылғаннан кейін соларға жататын қайта бағалау қорының сомасы Топтың басқа да жиынтық кірісінен алынып тасталып, пайда мен зияндар туралы шоғырландырылған есепте танылады. Сату үшін қолда бар деп жіктелетін корпоративтік облигациялар бойынша сыйақы тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептеледі және «Пайыздық кірістер» бабында жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша ескеріледі. Дебиторлық берешектің қысқа мерзімді сипаты болған және келешек ағындарды дисконттаудан болған әсер бейматериалдық болып табылған жағдайларда, дебиторлық берешек бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Мұндай активтер бойынша кірістер мен шығыстар мұндай активтер шығарылған немесе құнсызданған кезде, сондай-ақ амортизация үрдісінде пайда немесе зиян құрамында бейнеленеді.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Қаржы активтері әрбір есепті кезеңнің соңына құнсыздану мәніне бағаланады. Қаржы активтері қаржы активі бастапқыда мойындалғаннан кейін болған бір немесе бірнеше оқиғалардың нәтижесінде актив бойынша болжамды келешек ақша ағындарының азаюын куәландыратын объективті деректер болғанда құнсызданған болып есептеледі.

Ұйымдасқан нарықта айналыста болатын және айналмайтын акцияларға салынған инвестициялар бойынша сату үшін қолда бар санаттар, әділ құнның оларды сатып алу құнынан айтарлықтай немесе ұзақ төмендеуі құнсызданудың объективті дәлелі болып есептеледі.

Барлық басқа қаржы активтері бойынша құнсызданудың объективті дәлелі ретінде мыналар болуы мүмкін:

- эмитенттің немесе қарсы агенттің айтарлықтай қаржылық қиындықтары; немесе
- шарттың бұзылуы, мысалы, пайыздарды немесе негізгі борыш сомасын төлеуден бас тарту немесе жалтару; немесе
- пайыздардың төленбеуі немесе негізгі борыш сомаларын төлеу мерзімін ұзарту; немесе
- қарыздардың төленбеуі немесе негізгі борыш сомаларын төлеу мерзімін ұзарту; немесе
- немесе жалтару; нқаржылықтың төленбеуі немесе негізгі борыш сомаларын төлеу мерзімін ұзарту; немесе.

Дебиторлық берешек, жеке-жеке құнсызданған болып танылмаған активтер сияқты қаржы активтерінің жекелеген санаттары жалпы құнсыздану мәніне бағаланады. Дебиторлық берешек портфелінің құны азаюының объективті белгісі ретінде Топтың берешекті өндіріп алу бойынша бұрынғы тәжірибесі, берешекті өтеу кезінде кідірту санының ұлғаюы, сондай-ақ әдетте төлемдер бойынша дефолтпен бірге жүретін ұлттық экономикадағы өзгерістер бола алады.

(мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

Қаржы активтерінің құнсыздануы (жалғасы)

Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері үшін құнсызданудан болған шығынның көлемі активтің баланстық құны мен бастапқыда қаржы активіне қатысты пайдаланылған тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып дисконтталған болжамды келешек ақша ағындарының ағымдағы құны арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Сатып алу құны бойынша ескерілетін қаржы активтері үшін құнсыздану шығыны активтің баланстық құны мен дәл сондай қаржы активі үшін ағымдағы нарықтық пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып дисконтталған болжамды келешек ақша ағындарының ағымдағы құны арасындағы айырма ретінде айқындалады. Құнсызданудан болған мұндай шығындар келешек кезеңдерде қалпына келтірілмейді.

Құнсыздану шығыны барлық қаржы активтерінің баланстық құнын тікелей азайтады, өтеуге дейін ұсталатын дебиторлық берешек пен инвестицияларды қоспағанда, өрі олардың төмендеуі резервтің есебінен жүзеге асырылады. Үмітсіз деп танылған жағдайда, дебиторлық берешек немесе өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар резерв есебінен есептен шығарылады. Резервтің баланстық құнындағы өзгерістер пайдада немесе залалда көрсетіледі.

Егер келесі кезеңде қаржы активінің (сату үшін қолда бар санатындағы үлестік құралдарды қоспағанда) құнсыздануынан болған шығын мөлшері азаятын болса және мұндай азаю құнсыздану танылғаннан кейін орын алған оқиғаға объективті түрде байланысты болса, бұрын құнсызданудан болған көрсетілген шығын пайда немесе залал есебінен қалпына келтіріледі. Бұл ретте құнсызданудан болған шығынды қалпына келтіру күніне қаржы активтерінің баланстық құны құнсыздану танылмаған жағдайда көрсетілетін баланстық құнынан аса алмайды.

Егер сату үшін қолда бар инвестициялар құнсызданбаған болып танылса, ағымдағы құн (негізгі борышты өтеуді және амортизацияны шегере отырып) мен жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған өткен есепте танылған құнсыздану шығындарын шегере отырып олардың ағымдағы әділ құны арасындағы айырманы құрайтын жалпы сома капиталдан жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке ауыстырылады.

Бұрын пайда мен залалдарда көрсетілген сату үшін қолда бар санатындағы үлестік құралдардың құнсыздануынан болған шығындар қалпына келтірілмейді. Құнсызданудан болған залал танылғаннан кейін мұндай активтердің әділ құнының кез келген ұлғаюы басқа жиынтық кірісте көрсетіледі және сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау қорының бабы бойынша жинақталады. Сату үшін қолда бар деп жіктелетін борыштық бағалы қағаздардың құнсыздануынан болған шығындар кейіннен пайда немесе залал арқылы қалпына келтіріледі, егер инвестицияның әділ құнының ұлғаюы құнсызданудан болған залал танылғаннан кейін болған оқиғаға объективті түрде байланысты болса.

Қаржы активтерін тануды тоқтату

Қаржы активі (немесе қолданылу ретіне қарай – қаржы активінің бөлігі немесе осындай қаржы активтері тобының бөлігі) тануды доғарады, егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Топ активке меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен артықшылықтарды берді;
- Топ меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен артықшылықтарды бермеді, бірақ оларды сақтап та қалмады, өйткені бұдан былай активке бақылау жасай алмайды.

Қаржы активін бергеннен кейін Топ берілген активке иелік етуден тәуекелдер мен артықшылықты өзіне сақтап қалатын дәрежеде қайта бағалауды жүргізеді. Егер барлық тәуекелдер мен артықшылықтар негізінен сақталса, актив қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ескерілуін жалғастырады. Егер барлық тәуекелдер мен артықшылықтар негізінен берілсе, активтің мойындалуы тоқтатылады. Егер барлық тәуекелдер мен артықшылықтар негізінен сақталмаса, берілмесе, Топ активке бақылау жасаудың сақталғанын бағалайды. Егер Топ бақылауды сақтап қалмаса, активтің мойындалуы тоқтатылады. Егер Топ активке бақылауды сақтап қалса, ол активті оның активке қатысуы жалғасатын шамада ғана ескеруді жалғастырады.

Қаржы активтерін мойындауды тоқтатудың нәтижесінде туындайтын кез келген пайда немесе залалдар операциялық қызметтен болған басқа да кірістер/шығыстар сияқты Топтың жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есебінің баптарында көрсетіледі.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттемелер мәмілені ресімдеу шығындарын шегере отырып әділ құны бойынша есепке алынады.

Бұдан кейін басқа да қаржылық міндеттемелер амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Пайыздық шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептеледі.

Қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату

Топ қаржылық міндеттемелерді тек олар өтелген, күші жойылған немесе солар бойынша талап ету мерзімі өткен жағдайда ғана тануды тоқтатады. Қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылғанда немесе қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілгенде, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттемені есептен шығару және жаңа міндеттемені мойындауды ретінде ескеріледі. Мойындалуы тоқтатылатын қаржылық міндеттеменің баланстық құны мен төленген немесе төленуге жататын сыйақының арасындағы айырма пайдада немесе залалда танылады.

Ақша және оның баламалары

Ақша және оның баламаларына кассадағы ақша және Қазақстан Республикасының және одан тыс жерлердегі банктерде үш айға дейінгі бастапқы өтеу мерзімімен орналастырылған ағымдағы және корреспондентті шоттар бойынша ақша қалдықтары, пайдаланылуы шектелген ақшаны қоспағанда, кіреді.

Пайдаланылуы шектелген қаражат және Биржа мүшелері алдындағы пайдаланылуы шектелген ақша бойынша міндеттемелер

Пайдалануы шектелген қаражаттың үлкен бөлігін келесі сауда күніне операцияларды жасау мақсатында Биржаның корреспонденттік шоттарында есепті күнге орналастырылған валюталық нарық мүшелерінің ақшасы құрайды. Қосымша, топтың ішкі құжатына сәйкес «Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыру қағидалары» (бұдан әрі – «Қағидалар») әрбір клиринг қатысушысы Компанияның корреспонденттік шотында маржаның және кепілдікпен қамтамасыз етудің белгілі бір деңгейін қолдауы тиіс. Сонымен бірге, клиринг қатысушыларының кейбірі келесі сауда күні сауда-саттықты жүзеге асыру мақсатында сауда күнінің соңында Топтың корреспонденттік шотында ақша сомасын қалдырады. Топ мұндай қаражатты пайдаланылуы шектелген деп қарастырады және олардың міндеттемелерін нарыққа қатысушылардың алдында мойындайды.

Банктердегі қаражат

Топ өз қызметінің барысында ағымдағы шоттарды және екі жылдан аспайтын мерзімге банктерде салымдар ашады. Айқындалған өтеу мерзімдері бар банктердегі қаражат тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша ескеріледі. Банктердегі қаражат құнсыздану резервін шегере отырып, егер ондай болса, ескеріледі.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар бастапқыда сатып алу құны (бастапқы құны) бойынша мойындалады, әрі оған негізгі құралдарды сатып алумен тікелей байланысты нақты шығындар мен өтелмейтін салықтар кіреді. Бұдан әрі негізгі құралдар жинақталған амортизацияны және олар болған жағдайда құнсызданудан болған танылған шығындарды шегере отырып тарихи құны бойынша ескеріледі.

Топ негізгі құралдардың бірліктерін жаңартуға және жөндеуге шыққан шығындарды капиталдандырады, әрі олар мұндай бірліктің пайдалы қызмет ету мерзімін ұзартады немесе оны пайдаланудан келешек экономикалық пайданы ұлғайтады. Капиталдандырудың мұндай санатына сәйкес келмейтін негізгі құралдарды жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалған шығыстар Топтың олар болған кезеңдегі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есебінде көрсетіледі.

Негізгі құралдардың амортизациясы құнды тепе-тең етіп есептен шығару әдісін пайдалана отырып мұндай құралдардың пайдалы қызмет етуінің бағаланған мерзімінің ішінде операциялық шығыстар ретінде Топтың жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есебіне қосылады. Егер негізгі құралдардың қандай да бір бірлігі құрамдастарының түрлі пайдалы қызмет ету мерзімі болса, олар негізгі құралдардың жеке бірліктері ретінде қарастырылады.

(мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)**Негізгі құралдар (жалғасы)**

Төменде Топтың негізгі құралдарының бағаланған пайдалы қызмет ету мерзімдері келтірілген:

	<i>Жылдармен берілген мерзімдер</i>
Ғимараттар	100
Машиналар мен құрал-жабдықтар	6-9
Көлік құралдары	9
Басқасы	11

Жер және аяқталмаған құрылыс амортизацияланбайды.

Негізгі құралдардың баланстық құны, пайдалы қызмет ету мерзімі мен амортизациялау әдісі әрбір есепті күнге қайта қаралып отырады.

Бейматериалдық активтер

Бейматериалдық активтерге бағдарламалық жасақтама мен лицензиялар кіреді.

Бөлек сатып алынған бейматериалдық активтер бастапқыда нақты құны бойынша бағаланады. Бизнесі біріктіру нәтижесінде сатып алынған бейматериалдық активтердің құны сатып алу күніне олардың әділ құны болып табылады. Бастапқы танудан кейін бейматериалдық активтер жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегере отырып сатып алу құны бойынша көрсетіледі. Бейматериалдық активтердің пайдалы қызмет етуінің шектелген немесе белгіленбеген мерзімі бар. Пайдалы қызмет ету мерзімі шектелген бейматериалдық активтерге басқа да бағдарламалық жасақтама және лицензия мерзімінің немесе 7 жылды құрайтын пайдалы қызмет мерзімі ішінде амортизацияланатын лицензиялар жатады және бейматериалдық активтің мүмкін құнсыздану белгілері болған жағдайда құнсыздану мәніне сарапталады. Белгіленбеген пайдалы қызмет ету мерзімі бар бейматериалдық активтерге іште әзірленетін бағдарламалық жасақтама жатады. Белгіленбеген пайдалы қызмет ету мерзімі бар бейматериалдық активтерді амортизациялау мерзімі мен тәртібі кем дегенде әрбір есепті жылдың соңында сараланады.

Зерттеу және әзірлеу шығындары

Зерттеу шығындары пайда болуына қарай шығыстарға жатады. Нақты өнімді әзірлеуге жұмсалған шығындардың нәтижесінде туындайтын бейматериалдық актив Топ мыналарды көрсетуге қабілетті болғанда ғана танылады:

- актив пайдалану немесе сату үшін қолжетімді болатындай етіп бейматериалдық активті құрудың техникалық жүзеге асырылуын; бейматериалдық активті әзірлеуді аяқтау ниетін және оны пайдалану немесе сату ниетін;
- бейматериалдық актив келешек экономикалық пайданы құра алатындығын;
- әзірлеуді аяқтау үшін жеткілікті ресурстардың болуын;
- бейматериалдық активті әзірлеу барысында соған қатысты шығындарды сенімді бағалау қабілетін;
- құрылған бейматериалдық активті пайдалану қабілетін.

Топ атқарылған жұмыс туралы есептердің негізінде, мұндай жұмыстар жоғарыда аталған барлық талаптарға сәйкес келген жағдайда, бағдарламалық өнімдерді пысықтаумен тікелей айналысатын жұмыскерлердің сыйақысын капиталдандырады.

Топ бейматериалдық активті ол әзірлеу сатысында болғанда не болмаса соның ішінде үміттерге сәйкес актив барлық тиісті факторларды талдауға сүйене отырып кәсіпорын үшін ақшаның таза ағындарын жасай алғанда күтілетін мерзім шегі болмаған жағдайларда белгіленбеген пайдалы қызмет ету мерзімі бар деп қарастырады.

Топ белгіленбеген пайдалы қызмет ету мерзімі бар бейматериалдық активті олардың өтелетін құнын баланстық құнымен салыстыру арқылы құнсыздану мәніне тестілейді:

- жыл сайын; және
- бейматериалдық активтің ықтимал құнсыздану индикаторлары болған жағдайда.

(мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)**Резервтер**

Топта өткен оқиғалардың нәтижесінде туындаған міндеттемелері (заңды немесе болжамды) болғанда және Топ мұндай міндеттемелерді өтеуі тиіс болатын жоғары ықтималдылық болғанда резервтер есепте көрсетіледі және мұндай міндеттемелердің мөлшері жоғары дәлдік деңгейінде бағалана алады.

Есепте көрсетілетін алдағы шығыстар резервінің көлемі мұндай міндеттемелерге тән болатын тәуекелдер мен белгісіздіктерді ескере отырып есепті күнге айқындалған міндеттемелерді өтеуге қажетті соманың ең үздік бағалауын білдіреді. Егер резерв көлемі міндеттемелерді өтеу бойынша болжамды ақша ағындарының негізінде есептелетін болса және ақша құнының уақытпен өзгеру әсері елеулі болып табылса, резерв мұндай ақша ағындарының дисконтталған құны ретінде айқындалады.

Егер міндеттемелерді өтеуге қажетті төлемдер ішінара немесе толығымен үшінші тараппен өтеледі деп күтілетін болса, тиісті дебиторлық берешек өтемақы алынады және бұл дебиторлық берешек сомасын сенімді бағалау үшін мүмкіндік бар деген толық сенімділіктің болуы шартымен актив ретінде көрсетіледі.

Шетел валюталары

Топтың әрбір жеке компаниясының қаржылық есеп берушілігін дайындау кезінде функционалдық валютадан ерекшеленетін валюталарда жүзеге асырылатын операциялар (бұдан әрі – «шетел валюталары») операцияны жасау күніне айырбас бағамы бойынша ескеріледі. Шетел валютасында білдірілген ақша баптары әрбір есепті кезеңнің соңына тиісті валюта бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында білдірілген әділ құны бойынша ескерілетін ақшалай емес баптар әділ құнды айқындау күніне қолданылған айырбас бағамдары бойынша қайта есептелуі тиіс. Шетел валютасында білдірілген тарихи құны бойынша көрсетілген ақшалай емес баптар қайта есептелмейді.

Төменде Топ шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті жасау кезінде пайдаланған жыл соңындағы айырбастау бағамдары келтірілген:

	<u>2015 жылғы</u> <u>31 желтоқсан</u>	<u>2014 жылғы</u> <u>31 желтоқсан</u>
KZT / 1 USD	340,01	182,35
KZT / 1 EUR	371,46	221,97
KZT / 1 RUR	4,61	3,17
KZT / 1 GBP	504,06	283,34

Жарғылық капитал

Жарғылық капитал бастапқы құны бойынша ескеріледі.

Жай акциялар бойынша дивидендтер олар жарияланған кезеңде меншікті қаражаттың кемуі ретінде көрсетіледі. Есепті күннен кейін жарияланған дивидендтер № 10 ҚЕХС (IAS) «Есепті күннен кейінгі оқиғалар» сай есепті күннен кейінгі оқиғалар ретінде қарастырылады және олар туралы ақпарат тиісті тәсілмен ашылып көрсетіледі.

Капитал құрамындағы резервтер мен қорлар

Топтың қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есебінің капитал құрамында көрсетілген резервтер мен қорларға мыналар кіреді:

- сату үшін қолда бар санатына жатқызылған инвестициялардың әділ құнының өзгеруіне жататын сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау резерві;
- туынды құралдар нарығы қатысушыларының ықтимал дефолтын өтеу үшін қалыптастырылатын басқа да қорлар.

(мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

Капитал құрамындағы резервтер мен қорлар (жалғасы)

2010 жылы Топтың Биржа кеңесі туынды құралдар бойынша нарық қатысушыларының төлем жасау қабілетсіздігінің төуекелін өтеу үшін 170.000 мың теңге сомасында резервтік қорды құру туралы шешімді қабылдады. Резервтік қор фьючерстік валюталық келісімшарттармен сауда жасау үшін резервтік қордың 70.000 мың теңгесінен және Топтың индекстік фьючерстік келісімшарттармен сауда жасау үшін резервтік қордың 100.000 мың теңгесінен тұрады. 2015 жылы 55.000 мың теңге сомасында «қор» биржалық нарық секторы бойынша клирингтік резервтік қорды құру туралы шешім қабылданды. Резервтік қор капиталдың қозғалысы туралы есептің басқа да қорлар құрамына кіреді.

Қауымдасқан компанияларға инвестициялар

Қаржылық және операциялық қызметіне Топ айтарлықтай ықпал ететін және еншілес ұйым, сол сияқты бірлескен ұйым болып табылмайтын ұйым қауымдасқан болып табылады. Айтарлықтай ықпал ұйымның қаржылық және шаруашылық қызметіне қатысты шешімдерді қабылдауға қатысу құқығын болжайды, бірақ мұндай қызметке қатысты бақылауды немесе бірлескен бақылауды болжамайды.

Қызмет нәтижелері, сондай-ақ қауымдасқан ұйымның активтері мен міндеттемелері үлестік қатысу әдісімен осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікке қосылған. Үлестік қатысу әдісіне сай қауымдасқан ұйымға инвестициялар бастапқыда қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте сатып алу құны бойынша танылады және кейіннен Топтың пайдадағы немесе залалдағы және қауымдасқан ұйымның басқа да жиынтық кірісіндегі үлесін ескере отырып түзетіледі.

Топтың қауымдасқан ұйымға салынған инвестициялары бойынша құнсыздану шығынын мойындау қажеттілігін анықтау үшін 36 ҚЕХС (IAS) «Активтердің құнсыздануы» талаптары қолданылады. Қажет болғанда инвестицияның баланстық құны (оның ішінде гулвил) оның өтелетін құнын (сату шығындарын шегере отырып пайдалану құны мен әділ құнынан ең үлкен мәнді) оның баланстық құнымен салыстыру арқылы 36 ҚЕХС-ке (IAS) сай құнсыздану мәніне тестіленеді. Құнсызданудан болған танылған шығын инвестицияның баланстық құнының құрамына кіреді.

Құнсызданудан болған мұндай шығынды қалпына келтіру инвестицияның өтелетін құны кейіннен ұлғайған жағдайларда 36 ҚЕХС-ке (IAS) сәйкес танылады.

Егер Топ қатысушысы-ұйым қауымдасқан ұйыммен операцияларды жүргізетін болса, қауымдасқан ұйыммен мәмілелер бойынша туындайтын пайда мен залалдар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде тек Топқа тиесілі болатын қауымдасқан ұйымның үлесі шегінде ғана мойындалады.

Салық салу

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар ағымдағы әрі кейінге қалдырылған салықтардан тұрады және мерзімі ұзартылған салық басқа да жиынтық кірісте немесе капиталда тікелей ескерілетін операцияларға жататын жағдайларды қоспағанда, Топтың пайда мен зияндар туралы шоғырландырылған есебінде көрсетіледі.

Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы шығыс сомасы кезеңде төленуге есептелген және алдыңғы жылдардың салық берешегі бойынша барлық түзетулерді ескере отырып Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есепті күнге қолданылатын салық салу мөлшерлемелерінің негізінде есептелген салықтың күтілетін өлшемі болып табылады.

Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер міндеттемелердің баланстық әдісін пайдалана отырып барлық уақытша айырмаларға қатысты есептеледі. Мерзімі ұзартылған салықтар, компанияларды біріктіру болып табылмайтын және оның жасалу сәтіне бухгалтерлік кіріске немесе салықтық кіріс пен залалға ықпалын тигізбейтін мәміле бойынша гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқы мойындаудың нәтижесінде мерзімі ұзартылған табыс салығының пайда болуын қоспағанда, активтер мен міндеттемелердің салық базасының және олардың қаржылық есеп берушіліктегі баланстық сомасының арасындағы барлық уақыт айырмалары бойынша айқындалады.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша актив тек соған қатысты есептен шығарылатын уақыт айырмалары пайдаланылуы мүмкін салық салынатын кірісті алудың айтарлықтай ықтималдығы бар дәрежеде ғана танылады.

(мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

Салық салу (жалғасы)

Мерзімі кейінге қалдырылған салық активтерінің теңгерімдік құны әрбір есепті күнге қайта қаралады және активтердің барлығы немесе бір бөлігі жеткілікті салық салынатын пайда деңгейінде кемітіледі.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер активті өткізу немесе күшіне енген немесе есепті күнге нақты күшіне енген заңнамаға сүйене отырып міндеттемені реттеу кезеңінің ішінде қолданылатын салық салу мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Топ мерзімі ұзартылған салық активтері мен міндеттемелерін өзара есепке алады және қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте қорытынды айырманы көрсетеді, егер:

- топтың ағымдағы салық талаптарын ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы есепке алуға заңгерлік тұрғыдан бекітілген құқығы болса; және
- мерзімі ұзартылған салық активтері мен міндеттемелері бір салық органы бір салық субъектісінен өндіріп алатын табыс салығына жататын болса.

Елеулі бухгалтерлік жорамалдар мен бағалаудағы белгісіздік көздері

Топтың есеп саясатының ережелерін қолдану процесінде Басшылық басқа дерек көздерінен айқын болып табылмайтын активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына қатысты болжаулар, бағалаулар мен жорамалдар жасайды. Бағалау мәндері мен солардың негізінде жатқан жорамалдар нақты жағдайларда орынды болып есептелетін өткен тәжірибеге және басқа да факторларға сүйене отырып қалыптасады. Іс жүзінде нәтижелер мұндай бағалаудан ерекшеленуі мүмкін.

Бағалаулар мен базалық жорамалдар үнемі қайта қаралып отырады. Есепті бағалаудағы өзгерістер, егер өзгеріс тек сол кезеңге ғана ықпал етсе, бағалау қайта қаралатын кезеңде немесе егер өзгеріс ағымдағы, сол сияқты келешек кезеңдерге ықпал етсе, өзгеріс болған кезеңде және келешек кезеңдерде мойындалады.

Бағалаудағы белгісіздіктің негізгі көздері

Төменде келешекке қатысты негізгі жорамалдар мен есепті кезең соңына бағалаудағы белгісіздіктің басқа да негізгі дерек көздері келтірілген, әрі олар үлкен ықтималдықпен келесі қаржы жылының ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнының елеулі түзетулеріне әкеп соқтыруы мүмкін.

Дебиторлық берешектің құнсыздануы

Дебиторлық берешек қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің басқа да активтер құрамына қосылады. Топ дебиторлық берешектің құнсыздану мәніне тұрақты түрде сараптап отырады. Топ резервтері дебиторлық берешектің құнсыздануынан болған шығындарды мойындау үшін құрылады. Топ құнсыздану резервімен байланысты есепте бағалауды дебиторлық берешек, белгісіздіктің негізгі дерек көзі деп мыналарға орай есептейді, (i) олар бір кезеңнен екінші кезеңге өзгерістерге қатты ұшырағыш келеді, өйткені залалдардың келешек нормалары туралы болжамдар және құнсызданған дебиторлық берешек бойынша әлеуетті шығындардың бағалауы ағымдағы күнге бар нақты көрсеткіштерге негізделген; және (ii) шығынның бағалау мәні мен Топ нақты шеккен шығындардың арасында елеулі айырмалар болған кезде Топтың қаржылық есептілігіне кейінгі кезеңдерде айтарлықтай ықпал ете алатын резервтерді қалыптастыруды қажет етеді.

Шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктегі қаржы активтерінің құнсыздану резервтері қазіргі экономикалық әрі саяси жағдайлардың негізінде айқындалады. Топ Қазақстан Республикасында болатын өзгерістерді және мұндай өзгерістер келешек кезеңдердегі қаржы активтерінің құнсыздану резервтерінің барабарлығына қандай әсерін тигізетіндігін болжауға қабілетті емес.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дебиторлық берешектің жалпы құны 53.340 мың теңге және тиісінше 72.350 мың теңге болды, ал құнсыздану резервінің сомасы 6.629 мың теңге және тиісінше 5.288 мың теңге болды (19-ескертпе).

(мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)**Елеулі бухгалтерлік жорамалдар мен бағалаудағы белгісіздік көздері (жалғасы)***Салық салу*

Қазақстандық салық, валюталық және кеден заңнамасы түрлі талқылауларға жол береді және жиі өзгеріп отырады. Мұндай заңнамаға қатысты мәмілелер мен Топтың қызметіне қатысты қолданылатын басшылық түсініктемесі тиісті өңірлік және мемлекеттік органдар тарапынан даулануы мүмкін. Салық кезеңдері салықтық тексеру жүргізілетін жылдың алдындағы күнтізбелік бес жыл ішінде салық органдары тексеру үшін ашық болып қалады.

Басшылық 2015 жылдың 31 желтоқсанына және 2014 жылдың 31 желтоқсанына қолданыстағы заңнаманы талқылау сәйкес болып табылады және Топтың салықтар, валюта мен кеден бойынша ұстанымы расталады деген мүмкіндік бар деп есептейді. Тиісті органдар тексеруден кейін Топтың таза пайдасына әсер етуі мүмкін қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдар есептелуі мүмкін.

Сот істері

ҚЕХС-ке сәйкес Топ шынайы түрде бағалануы мүмкін орын алған оқиғалардың салдарынан туындаған ағымдағы міндеттемелер болғанда ғана провизияларды қалыптастыру қажеттілігін мойындайды. Аталған критерийлерге сәйкес келмейтін шартты міндеттеме қаржылық есеп берушіліктің ескертпелерінде ашылып көрсетілуі мүмкін. Сот істеріне қатысты бұл қағидатты қолдану Топтан оның бақылауынан тыс жатқан түрлі оперативті және заңгерлік мәселелер бойынша шешім қабылдауды қажет етеді. Сот істері болған жағдайда Топ аяқталмаған сот істерін қайта қарау саясатын, сондай-ақ провизияларды қалыптастыру қажеттілігін бағалау үшін әрбір есепті күнге ұстанады. Топ провизияларды қалыптастыру туралы шешімдерді қабылдау кезінде ескеретін келесі факторлар бар: шағым-талаптың, наразылықтың немесе айыппұлдың мәні; Топ үшін қолайсыз сот ісі шешілген жағдайда ол көтеруі мүмкін әлеуетті шығын сомасы; сот ісінің барысы (оның ішінде қаржылық есеп берушілікті жасау күнінен кейін, бірақ ол жарияланғанға дейін); заңгерлік кеңес берушілердің пікірлері; осы сияқты істердің алдыңғы тәжірибесі; Топ Басшылығының шағым-талапқа, наразылыққа немесе айыппұлға қалай жауап беретіндігіне қатысты кез келген шешімдері. Бұл шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті шығару күнгі жағдай бойынша Топ сот істеріне тартылмады.

4. ҚЫЗМЕТТЕР БОЙЫНША КІРІСТЕР ЖӘНЕ КОМИССИЯЛАР

	2015 жыл	2014 жыл
Қызметтер бойынша кірістер және комиссиялар		
Листинг алымдары	646.320	588.188
Биржадағы операциялар үшін комиссиялық сыйақы	457.160	377.143
Биржадағы мүшелік үшін алымдар	347.643	311.645
Ақпараттық қызметтен түскен кіріс	179.977	167.130
Қашықтықтан қол жеткізу қызметтерінен түскен кірістер	20.514	22.718
Клиринг алымдары	27	26
Қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістердің жиыны	1.651.641	1.466.850

5. ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСТЕР

	2015 жыл	2014 жыл
Пайыздық кірістерге мыналар кіреді		
Құсызданбаған қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер	419.632	250.325
Құсызданған қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер	2.041	2.041
Пайыздық кіріс жиыны	421.673	252.366
Амортизацияланған құн бойынша көрсетілген қаржы активтері бойынша пайыздық кіріске мыналар жатады		
Ақша және оның баламалары	1.516	892
Банктердегі қаражат	273.340	229.720
Бағалы қағаздармен кері репо операциялары	120.421	13.238
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар	2.808	4.872
Әділ құны бойынша көрсетілген қаржы активтері бойынша пайыздық кіріске мыналар жатады		
Сату үшін қолда бар инвестициялар бойынша пайыздық кірістер	23.588	3.644
Қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс жиыны	421.673	252.366

(мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

6. СОЛАР БОЙЫНША ПАЙЫЗДАР ЕСЕПТЕЛЕТІН ЖӘНЕ БАСҚА ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУ РЕЗЕРВІ

Солар бойынша пайыздық кірістер есептелетін активтер мен басқа да резервтер бойынша құнсыздану резервтерінің өзгерісі туралы ақпарат былайша көрсетілген:

	<i>Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар</i>	<i>Басқа активтер</i>	<i>Жиыны</i>
2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	39.858	2.892	42.750
Резервтерді қалыптастыру	–	2.527	2.527
Есептен шығару	–	(131)	(131)
2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	39.858	5.288	45.146
Резервтерді қалыптастыру	–	3.529	3.529
Есептен шығару	–	(2.188)	(2.188)
2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	39.858	6.629	46.487

7. ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША ТАЗА ПАЙДА

2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы 536.774 мың теңге (2014 жыл: 6.956 мың теңге) сомасындағы шетел валютасындағы операциялар бойынша таза пайда негізгі шетел валюталарының теңгеге қатысты нығаюының және активтердің шетел валютасында білдірілген Топтың міндеттемелерінен басым болуының нәтижесінде туындады. 2015 жылғы 20 тамызда Қазақстан Республикасының үкіметі еркін құбылмалы айырбас бағамына көшу жайында шешім қабылдады, соның нәтижесінде теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 2015 жылдың 1 қаңтарына 182,35 теңгеден 2015 жылдың 31 желтоқсанына 340,01 теңгеге дейін 86%-ға өзгерді.

8. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

	<i>2015 жыл</i>	<i>2014 жыл</i>
Персонал шығыстары	888.059	650.861
Тозу және амортизация	66.156	65.366
Өлеуметтік салық	87.003	64.302
Негізгі құралдарға техникалық қызмет көрсету	37.732	28.616
Іссапар шығыстары	33.834	18.815
Пайда салығынан басқа, салықтар	29.230	29.358
Коммуникациялар мен SWIFT қызмет көрсету	26.052	24.177
Ұстау және операциялық жалдау бойынша шығыстар	22.123	21.540
Кәсіптік қызметтер	14.957	17.832
Ақпараттық қызметтер	14.877	8.390
Банк қызметтері	11.223	8.950
Бизнесті дамыту шығыстары	8.579	6.688
Мүшелік жарналар	8.131	8.252
Персоналды оқыту	7.155	3.721
Сақтандыру шығыстары	1.261	1.244
Пошталық және курьерлік қызметтер шығыстары	1.222	857
Басқа да шығыстар	42.082	33.050
Операциялық шығыстардың жиыны	1.299.676	992.019

9. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар келесі баптардан тұрады:

	<i>2015 жыл</i>	<i>2014 жыл</i>
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	268.033	149.773
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	78	2.645
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	268.111	152.418

(мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

9. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ (жалғасы)

Топ Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес салық базасының негізінде ағымдағы кезең үшін ҚЕХС-тен ерекшеленуі мүмкін табыс салығы бойынша есептеулерді жүзеге асырады.

Шығыстардың кейбір түрлері салық салу мақсаттары үшін ескерілмейтіндігіне орай, сондай-ақ салық салынбайтын кірістің болуы салдарынан Топта белгілі бір тұрақты салық айырмалары туындайды.

Кейінге қалдырылған салық қаржылық есеп берушілік мақсатында активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен салық салу мақсатында айқындалатын соманың арасындағы уақыт айырмаларынан болған таза салық әсерін көрсетеді. 2015 жылғы 31 желтоқсанға және 2014 жылғы 31 желтоқсанға бар уақыт айырмалары негізінен кірістер мен шығыстарды есепке алудың түрлі әдістерімен/мерзімдерімен, сондай-ақ кейбір активтердің есептік және салық құнына түрлі тәсілдерге орай туындайтын уақыт айырмаларымен байланысты болады.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша уақыт айырмаларынан болған салық әсері былайша көрсетілген:

	<i>31 желтоқсан 2015 жыл</i>	<i>31 желтоқсан 2014 жыл</i>
Шегерілетін уақыт айырмаларының салық әсері		
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв	7.370	4.646
Негізгі құралдар	563	148
Кейінге қалдырылған салық активтері	7.933	4.794
Салық салынатын уақыт айырмаларының салық әсері		
Негізгі құралдар	(32.091)	(28.874)
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	(32.091)	(28.874)
Кейінге қалдырылған салық бойынша таза міндеттемелер жиыны	(24.158)	(24.080)

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте былайша көрсетілген:

	<i>2015 жыл</i>	<i>2014 жыл</i>
Кейінге қалдырылған салық активтері	615	421
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	(24.773)	(24.501)
Жыл соңына кейінге қалдырылған таза салық міндеттемесі	(24.158)	(24.080)

Кейінге қалдырылған таза салық міндеттемесінің қозғалысы

	<i>2015 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2014 жылғы 31 желтоқсан</i>
Жыл басына кейінге қалдырылған таза салық міндеттемесі	24.080	21.435
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс	78	2.645
